



М.Əшiмбаев | Е.Қошанов | Е.Қарин

## Вице-президент: Ықтимал кандидаттар кімдер?

5-бетте

№7  
(867)

25 ақпан  
2026 жыл



## Әкім сайлауында ақша талап еткен

3-бетте

## Жапаровтың тағы бір мерзімі бар

4-бетте



## «Пейіш 2: Анама хат»

6-бетте

## Үсен САУРБАЕВ: Жөн- жосықсыз пікір көбейді

7-бетте



# ТҮРКІСТАНДАҒЫ «БАРДАК»

...2000 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Бердібек Сапарбаевтың ұйымдастыруымен Түркістан қаласының 1500 жылдығы дүркіретіп тұрып тойланды. Сол кезде мектеп партасында отырған Әзімбек Пазылбекұлының пешенесіне енді міне, Түркістанның әкімі болу бұйырды. Қазір елдің арасында осыған қатысты түрлі пікірлер айтылып жатыр. «Әйтеуір, Пазылбекұлы моральдық-психологиялық ахуалы ауырлау Түркістанда ат төбеліндей топтың шылауында қалып кетпесе болғаны» дейді бір білгіштер. Кім біледі?!  
Бердібек Машбекұлы Қазақстанда бес бірдей өңірді іскерлікпен басқарған жалғыз шенеунік. Бердібек Сапарбаевтың туған інісі Нұрлыбек Нәлібаев бүгінде Қызылорда облысының әкімі. Жуырда Президенттің өзі де оның жұмысына жоғары баға бергені белгілі. Әзімбек әкім сол екеуінің ізін жалғап келе жатқан немере інісі екендігі де жұртшылыққа жасырын емес. Өкінішке қарай Әзімбек әкім әзірге абыройды асқақтата түсетін тірлік атқарудың орнына әйгілі әулеттің атына кір келтіретін әлсіздікке жол беріп жатыр.

3-бетте

## Әзімбек әлсіз әкім болып тұр



Коллаж. «Рейтингтің» мұрағатынан

Рейтинг

Күй сен, күй сенбе!

## Жұмыссыздық деңгейі – 4,6 пайыз



Қазақстанда ресми тіркелген жұмыссыздар саны 445,7 мың адамға дейін азайып, соңғы жылдардағы ең төменгі деңгейге түсті. Бұл – Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне қарасты Ұлттық статистика бюросының өткен жылдың төртінші тоқсанына арналған деректері.

Жұмыссыздық деңгейі 2024 жылдың соңындағыдай 4,6% шамасында сақталды. Соңғы жылдары пайыздық көрсеткіштің баяу, бірақ тұрақты түрде төмендеуі және жұмыссыздар санының біртіндеп қысқаруы негізгі үрдіске айналды.

Өңірлер арасында айырмашылық бар. 2025 жылдың қазан-желтоқсан

айларында жұмыссыздық деңгейі ең жоғары аймақ – Маңғыстау облысы (5%). Атырау және Павлодар облыстарында бұл көрсеткіш 4,9% болды. Жамбыл, Ақтөбе, Абай және Жетісу облыстарында да деңгей орташа мәннен сәл жоғары – 4,7-4,8% аралығында.

Орташа көрсеткішке жақын өңірлер қатарында оңтүстік аймақтар, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Ақмола облыстары бар. Абсолюттік санда айырмашылық едәуір: Қызылорда облысында 15,7 мың адам болса, Алматыда 53,5 мың адам жұмыссыз ретінде тіркелген. Ең төменгі көрсеткіш Қарағанды (4%), Ұлытау (4,1%), Солтүстік Қазақстан облыстарында (4,4%) және Астанада (4,3%) байқалды.

# Жерді тиімді пайдалану – заман талабы

Апта басында «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-ы басшысы Анарбек Орманның төрағалығымен өткен жиында жерді тиімді пайдалану мәселесі кеңінен талқыланды. Күн тәртібіндегі басты тақырып – «Жасыл белдеу» коммуналық мекемесінің теңгеріміне өткен 145 гектар жер телімі болды.

Жиынға қатысқан шаруа қожалықтарының өкілдері аталған аумақты «Су ресурстары – Маркетинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жалға беру қажеттігін көтерді. «Еркін қайнар» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің заңгері Смаил Серікбаевтың пікірінше, жердің нысаналы мақсаты көгалдандыру емес, керісінше, қолданыстағы көріз тазарту құрылыстарын дамытуға бағытталуы тиіс. Себебі соңғы жылдары қала аумағында жаңа шағын аудандар мен көріз желілерінің іске қосылуына байланысты тазарту станциясына келетін сарқынды су көлемі айтарлықтай артқан. Мысалы, 2010 жылы станцияның тәуліктік өнімділігі 100 мың текше метр болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 150 мың текше метрге жеткен. Қазіргі таңда көлем 200 мың текше метрге дейін ұлғайған. Яғни соңғы 10-15 жылда сарқынды су мөлшері екі есеге артқан. Ал Бөржар су жинақтағышының жалпы аумағы 274 гектарды құрағаны-

мен, оның мүмкіндігі шектеулі. Артылған ағын суды толық жинау мүмкін болмай отырғаны да жасырын емес.

Жиын барысында Анарбек Орман «Жасыл белдеу» мекемесіне бөлінген бюджет қаражаты бойынша нақты есептің жоқтығын, 145 гектар аумақта бірде-бір ағаш отырғызылмағанын алға тартты.

– Неге 145 гектар жер бос тұр? Ал су бар және ол пайдаланылмайды. Біз тек көлге, өзенге немесе каналға қарап отырумен шектелмеуіміз керек. Суды тиімді пайдалану қажет. Әсіресе су тапшылығы жағдайында бұл мәселе 2019 жылы да көтерілген. Арада бақандай 7 жыл өтті. Бірақ бірде-бір жүйелі шешім жүзеге асқан жоқ. 145 гектар жердің нақты әрі мақсатты пайдаланып жатқанын дәлелдейтін бірде-бір аяқталған жоба жоқ. Сондықтан орнында сұрақ туындайды. 145 гектар жер не үшін бөлінді? Осыны аумақтың нақты мақсаты қандай? Егер сөз жасыл белдеу туралы болса онда нәтиже қайда? Егілген ағаштар қайда? Атықарылған жұмыстардың есебі қайда? Азаматтар бұл біздің жер дейді, алайда жылдар бойы бұл аумақтың нақты пайдаланып көрсетілмеді. 2014 жылы есеп жүргізілген. 2019 жылы қайта қаралған. Бірақ 7 жыл ішінде нақты өзгеріс байқалмайды. Сонымен қатар айналада мың гектардан астам жердің бір бөлігі бос тұр. Жердің шамамен 50 пайызы тиімді пайдаланылмай

отыр. Нақты суару мен ауыл шаруашылығының орнына учаскілер формалды түрде жасыл белдеуге енгізілген. Бірінші кезекте суару мәселесін ойлау керек. Тазарту құрылыстары жұмыс істеп тұр. Су көлемі артып жатыр. Су жиналып тұр. Неліктен ол егістікке бағытталмайды? Неліктен ауыл шаруашылығында пайдаланылмайды? Өткен жылы бұл нысанда нақты орындалған бірде-бір маңызды жұмыс болған жоқ. Соған қарамастан «станция салынды, құбыр тартылды» деген мәлімдемелер айтылып жатыр. Бірақ нақты дәлел қайда? Нәтиже қайда? 145 гектар жер бойынша рести хат жолданды. Фермерлер жер мен суды тиімді пайдалануға дайын. Мәселе тек басқарушылық шешімге тіреліп тұр. Бүгінгі әңгіме жай ғана жер туралы емес, бұл азық-түлік қауіпсіздігі. Ресурстарды ұтымды пайдалану және шаруалардың алдындағы жауапкершілік мәселесі. 145 гектар жаздағы сан емес, бұл іске асырылмай жатқан нақты әлеует, – деді Анарбек Орман.

Мамандардың пікірінше, көктемгі-жазғы суару кезеңінде тазартылған суды тиімді пайдалану арқылы жасыл белдеу маңындағы 600 гектардан астам жерді, сондай-ақ Ордабасы ауданындағы 2 мың гектардан астам суармалы алқапты техникалық дақылдар өсіруге жұмылдыруға болады. Бұл – су тапшылығы жағдайында ауыл шаруашылығын қосымша сумен

қамтамасыз етудің нақты тетігі.

Жиында шаруа қожалықтарының өкілдері 2019 жылы да бұл мәселе көтерілгенін, алайда арада өткен жеті жыл ішінде жүйелі шешім қабылданбағанын айтты. Өткен жылы нысанда нақты орындалған маңызды жұмыс болмағанымен, «станция салынды, құбыр тартылды» деген мәлімдемелердің айтылып жүргені де сыңға алынды. Фермерлер 145 гектар жер мен суды тиімді пайдалануға дайын екендерін жеткізіп, мәселенің тек басқарушылық шешімге тіреліп тұрғанын атап өтті. «Жасыл белдеу» атауымен құрылған құрылымдардың қызметіне қатысты күмәнді жайттар да сөз болды. Жердің ұзақ мерзімге жалға берілуі, қаржының жұмсау тиімділігі жөніндегі сұрақтар ашық қалды. Егер мәселе шешімін таппаса, сотқа жүгіну ықтималдығы да айтылды.

Жиында көтерілген мәселе жай ғана жер дауы емес, ресурстарды ұтымды пайдалану және шаруалардың алдындағы жауапкершілік. Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген су ресурстарын тиімді әрі қайта пайдалану, сондай-ақ суармалы жер көлемін ұлғайту жөніндегі тапсырмалармен үндес. Су тапшылығы күшейіп отырған кезеңде әрбір гектар жер мен өр текше метр судың стратегиялық маңызы бар. Сондықтан жер мен суды тиімді игеру – уақыт талабы.

А.СМАТУЛЛАУЛЫ

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Келес ауданы әкімдігінің «Келес қызмет» КММ-сі Келес ауданы Абай е.м Бірлік а/о қолданыстағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің (НҚК) жобасына қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Қоғамдық тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: 02 сәуір 2026 жыл сағ. 10 00-де Түркістан облысы Келес ауданы Бірлік е.м Орталық көш. 20 өтеді. Географиялық координаттар: 41°17'58.35"N 68°56'28.69"E. Видео конференц ZOOM байланыс СІПТЕМЕ <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09> конференция дентификаторы: 616 540 8596. Код: 123456 Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері: «Түркістан облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Түркістан қаласы Жаңа қала м.а. 32,20 көш.

Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошталық мекен-жайы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru..>, [a.erkebai@ontustik.gov.kz](mailto:a.erkebai@ontustik.gov.kz) Тел: 8725-33-5-98-49. Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы: <https://ecportal.kz/>

Жұртшылық өкілдерінің жоба материалдарымен қағаз түрінде танысу мүмкін болатын орны, мекен-жайы; Шымкент қаласы Байтұрсынов көш. 24 үй.

Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері Келес ауданы әкімдігінің «Келес қызмет» КММ адрес: Түркістан облысы Келес ауданы Абай е.м. Т.РЫСКУЛОВ, 89 индекс 160905. БСН: 181040004075. E-mail: L.g.-78@mail.ru.

Тапсырыс берушінің ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын интернет ресурсының немесе электрондық пошталық мекен-жайы: L.g.-78@mail.ru, <https://ecportal.kz/>

Құжатты әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «Эко Импульс КЗ» ЖШС, телефон: 8 (702) 296 69 33

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Келес ауданы әкімдігінің «Келес қызмет» КММ-сі Келес ауданы Қызылскер е.м Ақтөбе а/о қолданыстағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің (НҚК) жобасына қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Қоғамдық тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: 02 сәуір 2026 жыл сағ. 17 00-де Түркістан облысы Келес ауданы Лесбек батыр е.м., А.ТУРАЛЫМУЛЫ, 66 өтеді. Географиялық координаттар: 41°05'59.40"N 68°41'07.85"E. Видео конференц ZOOM байланыс СІПТЕМЕ <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09> конференция дентификаторы: 616 540 8596. Код: 123456 Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері: «Түркістан облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Түркістан қаласы Жаңа қала м.а. 32,20 көш.

Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошталық мекен-жайы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru..>, [a.erkebai@ontustik.gov.kz](mailto:a.erkebai@ontustik.gov.kz) Тел: 8725-33-5-98-49. Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы: <https://ecportal.kz/>

Жұртшылық өкілдерінің жоба материалдарымен қағаз түрінде танысу мүмкін болатын орны, мекен-жайы; Шымкент қаласы Байтұрсынов көш. 24 үй.

Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері Келес ауданы әкімдігінің «Келес қызмет» КММ адрес: Түркістан облысы Келес ауданы Абай е.м. Т.РЫСКУЛОВ, 89 индекс 160905. БСН: 181040004075. E-mail: L.g.-78@mail.ru.

Тапсырыс берушінің ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын интернет ресурсының немесе электрондық пошталық мекен-жайы: L.g.-78@mail.ru, <https://ecportal.kz/>

Құжатты әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «Эко Импульс КЗ» ЖШС, телефон: 8 (702) 296 69 33

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Келес ауданы әкімдігінің «Келес қызмет» КММ-сі Келес ауданы Қазақстан е.м Бірлесу а/о қолданыстағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің (НҚК) жобасына қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Қоғамдық тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: 03 сәуір 2026 жыл сағ. 12 00-де Түркістан облысы Келес ауданы Қазақстан е.м. №3,3 өтеді. Географиялық координаттар: 41°14'45.29"N 68°53'16.49"E. Видео конференц ZOOM байланыс СІПТЕМЕ <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09> конференция дентификаторы: 616 540 8596. Код: 123456 Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері: «Түркістан облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Түркістан қаласы Жаңа қала м.а. 32,20 көш.

Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошталық мекен-жайы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru..>, [a.erkebai@ontustik.gov.kz](mailto:a.erkebai@ontustik.gov.kz) Тел: 8725-33-5-98-49. Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы: <https://ecportal.kz/>

Жұртшылық өкілдерінің жоба материалдарымен қағаз түрінде танысу мүмкін болатын орны, мекен-жайы; Шымкент қаласы Байтұрсынов көш. 24 үй.

Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері Келес ауданы әкімдігінің «Келес қызмет» КММ адрес: Түркістан облысы Келес ауданы Абай е.м. Т.РЫСКУЛОВ, 89 индекс 160905. БСН: 181040004075. E-mail: L.g.-78@mail.ru.

Тапсырыс берушінің ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын интернет ресурсының немесе электрондық пошталық мекен-жайы: L.g.-78@mail.ru, <https://ecportal.kz/>

Құжатты әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «Эко Импульс КЗ» ЖШС, телефон: 8 (702) 296 69 33

## ОБЪЯВЛЕНИЯ

КТУ «Келес қызмет» акимата Келеского района проводит общественные слушания на проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) для существующего полигона твердо-бытовых отходов в сельском округе Биртилек с. Абай Келеского района. Слушания состоятся 02 апрель 2026 года 10:00 по адресу Туркестанская область, Келесский район, с. Биртилек, ОРТАЛЫК, 20. Географические координаты: 41°17'58.35"N 68°56'28.69"E. Видеоконференцсвязь ZOOM. ССЫЛКА <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09> Идентификатор конференции: 616 540 8596. Код доступа: 123456 Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний и контактные данные лица – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Адрес: г.Туркестан, мкр. Новый город ул.32,20.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru..>, [a.erkebai@ontustik.gov.kz](mailto:a.erkebai@ontustik.gov.kz) Тел: 8725-33-5-98-49. Документация по проекту размещена на <https://ecportal.kz/>.

Адрес места, где представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта в бумажном виде – город Шымкент, ул. Байтұрсынова 24

Заказчик – «Келес қызмет» акимата Келеского района» Юридический (почтовый) адрес: Туркестанская область, Келесский район, с. Абай, Т.РЫСКУЛОВ, 89, почтовый индекс 160905. БИН:181040004075. E-mail: L.g.-78@mail.ru Адрес интернет-ресурса или электронной почты заказчика, где принимаются замечания и предложения <https://ecportal.kz/> и L.g.-78@mail.ru.

Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Эко Импульс КЗ», тел, 8 (702) 296 69 33

## ОБЪЯВЛЕНИЯ

КТУ «Келес қызмет» акимата Келеского района проводит общественные слушания на проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) для существующего полигона твердо-бытовых отходов в сельском округе Ақтөбе с.Кызылскер Келеского района. Слушания состоятся 02 апрель 2026 года 17:00 по адресу Туркестанская область, Келесский район, с. Лесбек батыр, А.ТУРАЛЫМУЛЫ, 66. Географические координаты: 41°05'59.40"N 68°41'07.85"E. Видеоконференцсвязь ZOOM. ССЫЛКА <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09> Идентификатор конференции: 616 540 8596. Код доступа: 123456 Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний и контактные данные лица – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Адрес: г.Туркестан, мкр. Новый город ул. 32,20.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru..>, [a.erkebai@ontustik.gov.kz](mailto:a.erkebai@ontustik.gov.kz) Тел: 8725-33-5-98-49. Документация по проекту размещена на <https://ecportal.kz/>.

Адрес места, где представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта в бумажном виде – город Шымкент, ул. Байтұрсынова 24

Заказчик – «Келес қызмет» акимата Келеского района» Юридический (почтовый) адрес: Туркестанская область, Келесский район, с. Абай, Т.РЫСКУЛОВ, 89, почтовый индекс 160905. БИН:181040004075. E-mail: L.g.-78@mail.ru Адрес интернет-ресурса или электронной почты заказчика, где принимаются замечания и предложения <https://ecportal.kz/> и L.g.-78@mail.ru.

Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Эко Импульс КЗ», тел, 8 (702) 296 69 33

## ОБЪЯВЛЕНИЯ

КТУ «Келес қызмет» акимата Келеского района проводит общественные слушания на проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) для существующего полигона твердо-бытовых отходов в сельском округе Бирлесу с. Казахстан Келеского района. Слушания состоятся 03 апрель 2026 года 12:00 по адресу Туркестанская область, Келесский район, с. Казахстан, №3,3. Географические координаты: 41°14'45.29"N 68°53'16.49"E. Видеоконференцсвязь ZOOM. ССЫЛКА <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09> Идентификатор конференции: 616 540 8596. Код доступа: 123456 Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний и контактные данные лица – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Адрес: г.Туркестан, мкр. Новый город ул. 32,20.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru..>, [a.erkebai@ontustik.gov.kz](mailto:a.erkebai@ontustik.gov.kz) Тел: 8725-33-5-98-49. Документация по проекту размещена на <https://ecportal.kz/>.

Адрес места, где представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта в бумажном виде – город Шымкент, ул. Байтұрсынова 24

Заказчик – «Келес қызмет» акимата Келеского района» Юридический (почтовый) адрес: Туркестанская область, Келесский район, с.Абай, Т.РЫСКУЛОВ, 89, почтовый индекс 160905. БИН:181040004075. E-mail: L.g.-78@mail.ru Адрес интернет-ресурса или электронной почты заказчика, где принимаются замечания и предложения <https://ecportal.kz/> и L.g.-78@mail.ru.

Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Эко Импульс КЗ», тел, 8 (702) 296 69 33